

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерін жойылды және күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 38 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, аудандық мәслихаттың кейбір шешімдері жойылды және күші жойылды деп танылсын

2. Осы шешім қолданысқа қол қойылған күнінен бастап енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті

4 сессиясының төрағасы:

О.Сейтмуратов _____

Аудандық мәслихаттың

хатшысы:

Е.Әжікенов _____

2016 жылғы 29 шілдедегі
аудандық мәслихаттың
№ 38 шешіміне қосымша

1. "Сырдария аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы кезектен тыс XXVI сессиясының № 201 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 03 наурызда № 4622 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінің 2016 жылғы 27 наурызда № 23 жарияланған) күші жойылды деп танылсын;

2. "Сырдария аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 ақпандағы кезектен тыс XXVI сессиясының № 206 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 26 наурызда № 4626 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінің 2016 жылғы 02 сәуірде № 24 жарияланған) күші жойылды деп танылсын;

3. "Сырдария аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы кезектен тыс XXVI сессиясының № 201 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 18 мамырдағы кезектен тыс XXXII сессиясының № 311 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 29 мамырда № 4998 болып тіркелді, "Тіршілік тынысы" газетінің 2015 жылғы 03 маусымда №41 жарияланған) күші жойылды деп танылсын;

4. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 26 қарашадағы № 344 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы № 382 шешімі жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК